

ӘОЖ 636.3.03. (574)

Құлатаев Б.Т.¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

Омарова Қ.М.², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Нұралиева Ұ.Ә.¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Есентуреева Г.Д.³, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

¹ «Қазақ Ұлттық аграрлық университеті», Алматы қ., Қазақстан Республикасы

² «С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

³ ««Өрлеу» БҒҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ОҢТҮСТІК - ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ЕТТІ - МАЙЛЫ ҚҰЙРЫҚТЫ ҚОЙЛАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІК ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Бұл мақала оңтүстік-шығыс Қазақстан аймағында өсірілетін етті-майлы құйрықты қойларының өнімділік және биологиялық ерекшеліктеріне назар аударылады. «Ажар» ЖШС-да өсірілетін етті-майлы бағытында қой тұқымдары еділбай және гиссар қой тұқымдары мен олардан алынған будан қойлар 3 топқа бөліп алынды және олардан алынған ұрпақтарының туғанынан бастап 18 айға дейінгі тірілей салмағы, дене бітімдері, өнімділік ерекшеліктері салыстырылып зерттелінді. Зерттеу кезінде еділбай мен гиссар тұқымдарынан алынған будандарының қозылары дене бітімі жағынан ірілеу және өзінің құрдастары еділбай мен гиссар тұқымдарының қозыларынан өсу жағынан жоғары екендігін көрсетті.

Сонымен қатар еділбай, гиссар және олардың будандарының ет өнімділігі де зерттеліп, етке 4-4,5 айлық қозыларды өткізген тиімді екені белгілі болды және де қозы етін өндіруде өндірістік будандастыру тиімді болып келетіні анықталды. Шаруашылықтың экономикалық тиімділігін арттыру мақсатымен жоғары сапалы қой етін өндіру үшін аз шығын жұмсап, будандарды 4-4,5 айлық жас кезеңінде 35,4 және 42,5 кг-ға жеткенде немесе 18 айлық жас кезеңінде 50,6 және 69,6 кг тірілей салмақпен етке өткізген тиімді болып келеді.

Түйін сөздер: *етті-майлы құйрықты қой, өнімділік, тұқым, еділбай, гиссар, будан, ет өндіру, экстерьер.*

Кіріспе. Қазақстанда ежелден қазақы (құйрықты) қой өсіріліп келеді. Кезінде ол қой шаруашылығының жаңа – биязы жүнді, биязылау жүнді, қаракөл бағыттарын дамытуда өте үлкен рөл атқарды. Қазақы қойының негізінде, сырттан алынып келген қойдан гөрі жергілікті жағдайға жақсы бейімделген жаңа тұқымдар мен тұқымдық топтар жасалды және жасалып та жатыр. Бұл жағымды сапаны жаңа тұқымдар қазақы қойдан генетикалық жолмен тұқымға берілуі арқылы алған. Құйрықты қойлар, будан былайғы кезде де, өздерін таза өсіруде ғана емес, сонымен бірге, әр түрлі бағыттағы жаңа тұқымдар шығаруда да үлкен маңызға ие болатыны сөзсіз [1, 2, 3, Б.129, 4, Б. 46, 5, Б. 27].

Республикамызда қой етін өндіру бағытында, әсіресе арзан және жоғары сапалы қозы еті өндірісінің көзі ретінде, жергілікті жерде бұрыннан өсіріліп келінген, байырғы қазақтың қылшық жүнді қой тұқымдарын ерекше атауға болады. Етті-майлы қойлар жергілікті жерлердің табиғи-климаттық ерекшеліктеріне, яғни көбінесе құрғақ далалы, шөлді және шөлейтті болып келетін далалы өңірлердің жайылымдық жағдайларына өмір сүруге жақсы бейімделген. Олар қарқынды өсіп-жетілу және жақсы май жинау қасиеттеріне ие. Еліміздегі ең жақсы етті- майлы бағытындағы қой тұқымдарының қатарындағы қазақтың қылшық жүнді қойлары жоғары салмақты, мықты конституциялық типті, ерекше төзімділік қасиеттеріне ие және жыл бойына жайылымдық жағдайда өсіруге бейімделген болып келеді. Осындай маңызды қасиеттерінің бірі ретінде, қазақы қойларының тез өсіп –жетілу ерекшеліктерін де айтуға болады [6-9].

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Оңтүстік-шығыс Қазақстан аймағында өсірілетін етті-майлы құйрықты қойларының өнімділік және биологиялық ерекшеліктері ретінде өнімділік көрсеткіштері мен белгілерін салыстырмалы түрде зерттеу, зоотехникалық

бағалау, іріктеулер және әр түрлі жұптаулар жүргізу арқылы тез жетілу қабілеттіліктеріне ие малдарды анықтау және оларды өндірісте қолданудың тиімді селекциялық тәсілдерін ұсыну. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- жергілікті жерде өсірілетін етті-майлы қойларының өнімділік, биологиялық, конституциялық, экстерьерлік ерекшеліктерін зерттеу;
- өсу қарқыны жоғары малдарды іріктеу.

Зерттеу зерзаты ретінде Алматы облысы «Ажар» ШҚ өсірілетін етті-майлы бағытында қой тұқымдары тандап алынды. Шаруашылықта қазіргі уақытта еділбай және гиссар қой тұқымдары мен будан қойлар өсіріледі.

Еділбай қойы көбіне Батыс, Орталық Қазақстан аймақтарында өсіріліп бағылады. Еділбай қойы қазақтың құйрықты қойларының ішінде ерекше орын алады. Олардың әртүрлі табиғи-климаттық жағдайларға тез бейімделгіштігі басты қасиеттерінің біріне жатады. Сондықтан шаруашылық қойдың етін жақсарту мақсатында еділбай қой тұқымының қошқары сатып алып отардағы қойларды жетілдіруге зерттеу жұмыстары жүргізілді. Таңдап алынған қойлар 3 топқа бөлініп алып, олардан алынған ұрпақтарының туғанынан бастап 18 айға дейінгі экстерьерлік, өнімділік ерекшеліктері зерттелінді. Зерттеуге алынған қойлардың күтіп-бағу, азықтандыру жағдайлары бірдей болды.

Зерттеу нәтижелері Бүгінде қой шаруашылығы – отандық агробизнестің негізгі бағыттарының бірі. Ет пен жүн экспорттау ісінде біршама ілгерілеу бар. Қазақстанда қазіргі кезде қой малы өнімдерінің ең пайдалысы – ет. Қазақстанда жиырма шақты қой тұқымы бар. Етті бағыттағы тұқымның кең таралғаны – Еділбай қойлары. Еділбай қойларының еті дәмді, құнарлы болады. Әсіресе 4-5 айлық қозыларының еті мейлінше сіңімді келеді. Құйрық майы өте бағалы: майының балқу және қату температурасы төмен, жоғары иодтық көрсеткішпен ерекшеленеді [3, Б. 13, 4, Б. 48, 5, Б. 32].

Бұл қойлардың ет алу ерекшелігіне бұлшық еттерінің жақсы жетілуі, жоғары биологиялық және тамақтық құндылығы жатады.

Алматы облысы «Ажар» ШҚ өсірілетін етті-майлы бағытында қой тұқымдары еділбай және гиссар қой тұқымдары мен олардан алынған будан қойлар 3 топқа бөліп алынды және олардан алынған ұрпақтарының туғанынан бастап 18 айға дейінгі экстерьерлік, өнімділік ерекшеліктері зерттелінді.

Тәжірибеге алынған ұрғашы қозылардың туған кезінде үш топтың арасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды. I-ші топтағы қозылардың салмағы II- топтағы қозылардың салмағына қарағанда біршама жоғары, туған кезіндегі салмақтары бойынша салыстырғанда I топтан II топ 0,18 кг-ға, III топ 0,98 кг-ға төмен болды. Енесінен бөлген кезінде I топтан II топ 2,4 кг-ға, III топ 5,1 кг-ға төмен болды. 12 айлық кезінде I топтан II топ 1,6 кг-ға, III топ 3,3 кг-ға төмен болды. 18 айлық кезіндегі көрсеткіштері бойынша салыстырғанда, I топтан II топ 3,1 кг-ға, III топ 8,5 кг-ға төмен болды. Енесімен бірге болғанда қосқан салмағы бойынша, I топтан II топ 3,02 кг-ға, III топ 4,82 кг-ға төмен болды. Туған кезіндегі салмағына шаққандағы қосқан салмағы бойынша салыстырғанда, I топтан II топ 0,12 кг-ға, III топ 0,22 кг-ға төмен болды. Туғаннан енесінен бөлгенге дейінгі аралықта қосқан орташа салмағы бойынша, I топтан II топ 34 кг-ға, III топ 46 кг-ға төмен болды. Енесінен бөлген уақытта 12 айлығына дейінгі аралықта қосқан орташа тәуліктік салмағы бойынша, I топтан II топ 14 кг-ға, III топ 25 кг-ға төмен болды.

Жүргізілген зерттеулер кезінде, сырт тұлға ерекшеліктері бойынша да салыстырылып отырған әр түрлі генотипті ұрпақ топтарының арасында айырмашылықтар байқалды. Бұл тәжірибеде туған кезіндегі көрсеткіштері бойынша салыстыратын болсақ, шоқтығының биіктігі бойынша I топтағы қозылардың көрсеткіші II топтан 0,1-ге жоғары, III топтан 3,0 см-ге жоғары болды. I топтың қозылары II топқа қарағанда құйымшақ биіктігінен 0,1 см-ге, III топтан 2,5 см-ге, дененің қиғаш ұзындығынан да I топ II топтан 0,3 см-ге, III топтан 2,3 см-ге жоғары болса, сербек аралық енділігінен II топтан 0,1 см-ге, III топтан 0,5 см-ге, кеуде орамынан II топтан 0,4 см-ге, III топтан 2,1 см-ге, жіліншік орамынан II топтан 0,1 см-ге, III топтан 0,9 см-ге жоғары болып отыр.

4,0-4,5 айлық жасындағы көрсеткіштері бойынша да I топтың көрсеткіштері II топқа қарағанда шоқтығының биіктігі бойынша 1,9 см-ге, ал III топтан 8,1 см-ге жоғары, құйымшақ

биіктігінен II топтан 1,0 см-ге, III топтан 7,7 см-ге, дененің қиғаш ұзындығынан II топтан 2,5 см-ге, III топтан 7,7 см-ге, сербек аралық енділігі бойынша II топтан 0,1 см-ге, III топтан 1,1 см-ге жоғары, кеуде орамынан I топ II топтан 0,9 см-ге, III топтан 7,1 см-ге жоғары, жіліншік орамынан I топ II топтан 0,2 см-ге, III топ 1,0 см-ге басым болды.

12 айлық жасындағы көрсеткіштері бойынша салыстыратын болсақ, бұнда да I топтың көрсеткіштері II топқа және III топқа қарағанда жоғары, шоқтығының биіктігі бойынша салыстыратын болсақ, I топтан II топ 3,0 см-ге, ал III топ 12,8 см-ге төмен болды. Құйымшағының биіктігі бойынша салыстырғанда I топтан II топ 4,0 см-ге, III топ 13,2 см-ге төмен. Дененің қиғаш ұзындығы бойынша I топтан II топ 6,1 см-ге, III топ 16,6 см-ге төмен. Сербек аралық енділігі бойынша I топтан II топ көрсеткіші 0,5 см-ге, III топ 2,1 см-ге төмен. Кеуде орамы бойынша салыстырғанда I топтан II топ 0,3 см-ге, III топ 4,8 см-ге төмен. Жіліншік орамы бойынша I топтан II топ 0,1 см-ге, III топ 0, см-ге төмен болды. Малдың еттілігі негізінен мынадай төмендегі көрсеткіштермен сипатталады: тірілей салмағы, ұшасының салмағы және шығымдылығы, құйрығының салмағы және шығымдылығы, күйі мен бұлшық еттерінің жетілуі, сойыс салмағы мен шығымы, бұлшық ет, май мен сүйектерінің үлес сүйектерінің үлес мөлшері, еттілік коэффициенті т.б. көрсеткіштері.

Тәжірибеде 4,5-5,0 және 18 айлық қойлардың бақылау сою нәтижелеріне салыстырмалы түрде сараптама жүргізе отырып, мынадай нәтижелерді тұжырымдадық. 4,5-5,0 айлық жасындағы сойыс нәтижесі бойынша салыстырғанда, I топтың көрсеткіштері жоғары болды. Тірі салмағы бойынша салыстырғанда I топтан II топ 1,0 кг-ға, III топ 7,1 кг-ға төмен болды. Ұша салмағы бойынша I топтан II топтағы қозының ұша салмағы 1,0 кг-ға, III топта 6,5 кг-ға төмен болды. Құйрық салмағы бойынша I топтан II топ 0,1 кг-ға, III топ 0,64 кг-ға төмен көрсеткішке ие болды. Іш май шығымы бойынша салыстырғанда, I топтан II топ 0,05 кг-ға, III топ 0,49 кг-ға төмен болды. Соиыс шығымы бойынша салыстырғанда I топтан II топ 0,9 пайызға, III топ 6,4 пайызға төмен болды.

18 айлық қойлардың сойыс нәтижелерін салыстырғанда да I топтағы қойлардың тірі салмағынан II топтағы қойлардың салмағы 2,22 кг-ға, III топта 18,25 кг-ға төмен болды. Ұша салмағы бойынша салыстырғанда I топтан II топ 2,31 кг-ға, III топ 6,0 кг-ға төмен болды. Құйрық салмағы бойынша да I топтан II топ көрсеткіші 0,35 кг-ға, III топ 2,05 кг-ға төмен болды. Іш май шығымы бойынша, керісінше III топтағы қойлардың іш май шығымы жоғары болды.

III топтан I топ 0,1 кг-ға, II топ 0,2 кг-ға төмен болды. Соиыс шығымы бойынша салыстырғанда I топтағы қойлардың көрсеткіші мен III топтағы қойлардың көрсеткіші бірдей болды, ал II топ олардан 6,6 пайызға төмен болды.

I кесте – Құйрықты қойлардың және будандастырудың экономикалық тиімділігі

Көрсеткіштер	I		II		III	
	4,0-4,5ай	1,5 жас	4,0-4,5ай	1,5жас	4,0-4,5ай	1,5жас
Тірі салмағы,кг	42,5	69,6	41,5	67,3	35,4	50,6
Ұша салмағы,кг	21,5	26,4	19,5	24,1	17	21,4
Өсіруге жұмсалған жалпы шығын, теңге	11787	21875	11787	21875	11787	21875
Еттің бағасы, теңге/кг	1300	1300	1300	1300	1300	1300
Еттен түскен табыс,теңге	27950	34320	25350	31330	22100	27820
Қыркылған жүн, кг	0,513	1,240	0,710	1,412	0,796	1,492
Жүн бағасы, теңге	30	50	30	50	30	50
Жүннен алған табыс, теңге	15,39	62,0	21,3	70,6	23,88	74,6
Барлық өнімнен алынған табыс, теңге	27965,39	34382	25371,3	31400,6	22123,88	27894,6
Алынған таза пайда, теңге	16178,39	12507	13584,3	9525,6	10336,8	6019,6

Осы зерттеулер нәтижелерінің экономикалық талдауы көрсеткендей, оңтүстік шығыс Қазақстан жағдайында жыл бойы жайылымдық жағдайда күтіп бағу арқасында, ең жоғарғы экономикалық тиімділік көрсеткіштері көрсетілген.

Құйрықты қой шаруашылығының тиімділігі әрқашан да малдың асыл тұқымдық деңгейі мен оның өнімділігіне байланысты, әсіресе ет өнімділігі жоғары болуы тиіс. Негізінен осындай көрсеткіштердің ішінен бастысы – қойдың салмағы. Тоқтылардың салмақтары өте жоғары болды, әсіресе будан қозылардың салмағы басым түсті. Қойдың салмағы оның ет өнімділігінің негізгі көрсеткіші ретінде саналатыны белгілі, бірақ малдың етінің сапасы әр түрлі болады. Ет сапасын бағалау үшін малдың сойыс түсімі-ет шығымының маңызы зор. Қой өсіргенде ең алдымен жас малдардың санын арттыру қажет, өйткені жас малдардың өсуі ересек қойларға қарағанда, тез әрі тиімді, сонымен қоса азықтың жұғымды заттарын көбірек қолданады. Жас малдың еті дәмді, жоғары сапалы, жұғымды және тез қортылады. Қозылардың жоғарғы энергиясы және қоректік заттарды аз жұмсауы дененің дамуына зор ықпал ететіндіктен, шаруашылықтар жас малдарды жайып семірту арқылы арзан ет алады. Қозылардың өсу кезінде бұлшық ет және сүйек ұлпалары жылдам дамиды, ал ересек қойларда май жиналады.

Құйрықты қой шаруашылығының тиімділігін арттыруда мал басын ғана ұлғайтып қоймай, өндірілген өнімнің сапасын жақсарту қажет, яғни жүн сапасын арттыру. Құйрықты қойлар еліміздің ет өнімдерін толтырудың қайнар көзі, өйткені ет-жұғымдылық қасиеттері мол тағам ретінде сипатталады.

Нарық жағдайындағы құйрықты қой шаруашылығында табыс пен пайда көзі тек мол өнімді мал өсіру ғана емес, сонымен қатар құйрықты қойлардың санын көбейту арқылы халықты етпен қамтамасыз ету болып табылады.

Қорытынды. «Ажар» ЖШС шаруашылығында өсірілетін еділбай мен гиссар қой тұқымдарының өнімділік көрсеткіштеріне қарай сипаттағанда, бұл қой тұқымдары стандарт талаптарына сай, жерсіндіру мәселесіне қарай оңтүстік-шығыс Қазақстанда еділбай мен гиссар қой тұқымын өсіру қолайлы, қазіргі нарықтық экономика жағдайына қарай етке деген сұранысқа байланысты етті-майлы бағыттағы құйрықты қойлардың санын көбейтумен шешіледі.

Тиімділігін арттыру мақсатымен жоғары сапалы қой етін өндіру үшін аз шығын жұмсап, будандарды 4-4,5 айлық жас кезеңінде 35,4 және 42,5 кг-ға жеткенде немесе 18 айлық жас кезеңінде 50,6 және 69,6 кг тірілей салмақпен етке өткізген тиімді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Канапин К., Ахатов А. Курдючные грубошерстные овцы Казахстана. - Алматы, 2000. - С. 86-105.
2. Канапин К., Жумадилаев К. Дегересские овцы опытного хозяйства имени Мынбаева и наследование хозяйственно-полезных признаков и их помесями с едилбаевскими // Повышение шерстной и мясной продуктивности овец: сб.науч.тр. КазНИТИО. – Алма-Ата, 1984. - С. 74-80.
3. Канапин К.К., Махатов Б.М., Ахатов А.А. Едилбаевская порода овец // Селекционные достижения Казахстана. - Алматы: Бастау, 2001.- С. 129-132.
4. Мирзабеков С.Ш.,Ерохин А.И. Овцеводство. - Алматы, 2005. – С. 46-49.
- 5.Нагдалиева Н.И. Нагул и откорм едилбаевских овец // Вестник Алтайского государственного аграрного университета. - 2008. - №3(41). – С. 27-32.
6. Омарова К.М., Шауенов С.К., Ибраев Д.К., Долдашева Г.К. Нагул молодняка казахских грубошерстных курдючных овец // Вестник науки Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. – 2018. - №2(97). – С. 103-112.
7. Мүлік К., Искаков Қ., Шаугимбаева Н.Н., Құлатаев Б.Т. Қазіргі тандағы шаруашылық жағдайдағы қойларды азықтандыру мен күтіп-бағу ерекшеліктері // Агроөнеркәсіп кешенді дамытудың ғылым мен білімнің басымды бағыттарының жаңа стратегиясы: Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 85-жылдығына арналған халықар. ғылым.-тәжіриб. конф. матер. - Алматы, 2015.- Б. 337-340.
8. Зуай А., Шаугимбаева Н., Құлатаев Б., Құмғанбаева Р.М. Технология разведения овец // Изденістер, нәтижелер. – 2017. - №04 (076). – С.109-113.
9. Iskakov K., Kulataev B., Zhumagaliyeva G., Casanova Pere. Productive and Biological Features of Kazach Fine-Wool Sheep in the Conditions of the Almaty Region // Online Journal of Biological Science. - 2017. - Vol.17. - Iss. 3. - P.-219-255.

РЕЗЮМЕ

В данной статье приведены продуктивные и биологические особенности мясосальных курдючных овец, выращиваемых в ТОО «Ажар» на территории Юго-Восточного Казахстана. В хозяйстве выращиваются породы овец мясо-сального направления едилбайские и гиссарские овцы и их помесные овцы. Для исследования овцы были разделены на 3 группы и получены результаты по показателям живой массы, экстерьера и мясная продуктивность от рождения до 18 месяцев. Во время исследования ягнята помесей, полученных из едилбаевской и гиссарской породы, были получены более крупными и превышает своих сверстников эдилбаевской и гиссарской породы по продуктивности.

Кроме того, была изучена мясная продуктивность едилбаевской, гиссарской породы и их помесей, и была установлена эффективность реализации ягнят на мясо 4-4,5 месяцев, а также эффективность производственной гибридизации в производстве ягнят. С целью повышения экономической эффективности хозяйства целесообразно производить высококачественную баранину с небольшими затратами и реализовывать гибриды в живом весе 35,4 и 42,5 кг в возрасте 4-4, 5 месяцев или в возрасте 18 месяцев при достижении живой массы 50,6 и 69,6 кг.

RESUME

This article presents the productive and biological characteristics of meat-fat tail fat sheep raised in Azhar LLP in the territory of South-East Kazakhstan. The farm breeds sheep meat of the meat-oil direction Edilbay and Gissar sheep and their cross-breed sheep. For the study, the sheep were divided into 3 groups and the results were obtained on indicators of live weight, exterior and meat productivity from birth to 18 months. During the study, the lambs obtained from the Edilbaev and Hissar breeds were larger and exceeded their peers from the Edilbaev and Hissar breed in productivity.

In addition, the meat productivity of the Edilbayev and Hissar breeds and their crosses was studied, and the effectiveness of the sale of lambs for meat 4-4.5 months, as well as the efficiency of production hybridization in the production of lambs, was established. In order to increase the economic efficiency of the economy, it is advisable to produce high-quality mutton at low cost and to realize hybrids in live weight of 35.4 and 42.5 kg at the age of 4-4, 5 months or at the age of 18 months when reaching live weight of 50.6 and 69, 6 kg

УДК 577.21: 636.223.1

Наметов А.М.¹, доктор ветеринарных наук, профессор

Бейшова И.С.¹, кандидат сельскохозяйственных наук, профессор

Ковальчук А.М.¹, магистр ветеринарных наук

Поддудинская Т.В.², докторант специальности 6D080200-Технология производства продуктов животноводства

¹НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана», г. Уральск, Республика Казахстан

²РГП на ПХВ «Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова», г. Костанай, Республика Казахстан

АНАЛИЗ ПОКАЗАТЕЛЕЙ МЯСНОЙ ПРОДУКТИВНОСТИ У КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА АБЕРДИН – АНГУССКОЙ ПОРОДЫ КАЗАХСТАНСКОЙ СЕЛЕКЦИИ

Аннотация

Для повышения продуктивности сельскохозяйственных животных, наряду с такими мероприятиями, как кормление, условия содержания, немаловажное значение имеет разработка эффективных методов селекции, в том числе и маркерной селекции, которая имеет ряд преимуществ перед традиционной, благодаря возможности проводить оценку генетического потенциала животного в раннем возрасте и независимо от пола. Селекция по генотипу